



Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



Қазақстандық
қоғамдық
даму
институты

Білім беру саласының қызметкерлеріне арналған түсіндірме және идеологиялық жұмыс ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ

Нұр-Сұлтан, 2021

*Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
«Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты КЕАҚ
«Рухани жаңғыру» орталығымен
мемлекеттік тапсырма бойынша дайындалған*

Құрастырушылар: Г. Сұлтанғазы, Л. Нұрқатова

Білім беру саласының қызметкерлеріне арналған түсіндіру және идеологиялық жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік құрал // *Ж. Боқанованың жалпы редакциясымен, Нұр-Сұлтан, 2021. – 40 бет.*

Әдістемелік құрал білім беру саласының қызметкерлеріне арналған және оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін өзекті етіп, әртүрлі жұмыс әдістерін қамтиды. Әдістемелік құралдың мақсаты білім беру саласының қызметкерлеріне түсіндіру және идеологиялық жұмыстар жүргізу кезінде заманауи тәсілдерді меңгеруде практикалық және теориялық көмек көрсету болып табылады.

Әдістемелік құрал білім беру саласының қызметкерлеріне, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» аймақтық-жобалық кеңселеріне арналған.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Кіріспе | 4 |
| 1. Мектеп жасындағы балалар мен студент жастарды әлеуметтендірудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеті | 5 |
| 1.1 Мектеп жасындағы балалардың құндылық бағдарларын қалыптастыру | 5 |
| 1.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларын студент жастардың мінез-құлық ұстанымдарымен біріктіру | 7 |
| 2. «Рухани жаңғыру» мектеп оқушылары мен студенттерге арналған тұлғалық өсу бағдарламасы ретінде | 8 |
| 2.1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларына негізделген тәрбие жұмысының заманауи әдістері | 8 |
| 2.2. Гуманитарлық цикл сабақтарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларын қолдану: тарих, әдебиет | 10 |
| 3. Студент жастардың азаматтық құзыреттілігін қалыптастыру | 13 |
| 3.1. ТжКБ мен университеттерде жобалық қызметті ұйымдастыру. Студенттерді қоғамдық маңызы бар қызметке тарту | 13 |
| 3.2. ТжКБ мен ЖОО-ның I курс студенттері үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары бойынша таңдамалы курс | 16 |
| Қорытынды | 18 |
| Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі | 19 |

Кіріспе

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақалаларында баяндалған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңыздылығы бір ғана онжылдықпен шектелмейтін құжаттардың бірі болып табылады. Бүгінде бағдарламаны білім беру және тәрбие жүйесінің іргелі тұжырымдамасы ретінде қарауға болады. Мектептер, колледждер және ЖОО-лар Тұңғыш Президент, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мақалаларының негізгі түйінін таратудың маңызды арнасы болып табылады және осыған байланысты гуманитарлық цикл мұғалімдері, тәрбие жұмысы жөніндегі меңгерушілер бағдарламаның мағынасын түсіндіру үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс. Мемлекеттің саяси тұрақтылығы мен әлеуметтік және экономикалық жүйелердің тиімділігі жас ұрпақтың сапалық сипаттамалары мен ұмтылыстарына байланысты. Тиісінше жас ұрпақтың азаматтық және тұлғалық құзыреттерін қалыптастыру мәселелері маңызға ие болады.

Азаматтыққа тәрбиелеу мораль мен адамгершілік, борыш пен жауапкершілікпен тығыз байланысты бірқатар міндеттерді шешеді.

Мақсаты – білім беру саласының қызметкерлеріне түсіндіру және идеологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде қазіргі заманғы тәсілдерді меңгеруде практикалық және теориялық көмек көрсету.

Міндеттері:

- бағдарламаның тәрбиелік әлеуетін мектепте және университетте зерттеу;

- тәрбие жұмысындағы заманауи тәсілдерді жариялау;

- идеологиялық жұмыста тарих пен әдебиет оқу пәндерін қолданудың маңыздылығын өзекті ету;

- студенттердің жобалық қызметін ұйымдастыру ережелерімен таныстыру;

- «Рухани жаңғыру» қағидалары бойынша таңдамалы курсқа әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

- бағдарлама қағидаларын түсіндіру жұмыстары үшін спикерлер тобын дайындау.

Әдістемелік құрал білім беру саласының қызметкерлеріне арналған және оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің мәселелерін өзекті етіп, әртүрлі жұмыс әдістерін қамтиды.

1. Мектеп жасындағы балалар мен студент жастарды әлеуметтендірудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеті

1.1. Мектеп жасындағы балалардың құндылық бағдарларын қалыптастыру

XXI ғасыр өзінің қарқынды өзгерістерімен оқушылардың зияткерлік дамуының рөлін арттырды, сонымен қатар тәрбие беру процесінің маңыздылығын төмендетті. Алайда оқушының тұлға ретінде қалыптасу процесінде тек танымдық қабілеттерін ғана емес, сонымен бірге тұлғалық қабілеттерін де дамытса, болашақ азаматтың қалыптасуы тұтас және үйлесімді болады.

Сонымен бірге білім беру жүйесін тұрақты реформалау мектеп жұмысында тәрбие беру сегментін ығыстыруға әкелді. Балаларды тәрбиелеумен мектеп немесе отбасы айналысу керектігі туралы пікірталас өзекті. Білім беру көп қырлы және ұзақ процесс ретінде еңбек, эстетикалық, физикалық, ақыл-ой, азаматтық, экологиялық және т.б. болып бөлінеді. Бұл жағдайда әлеуметтенудің негізгі агенттері: отбасы мен мектеп жас ұрпақты тәрбиелеуге тікелей қатысады.

Бағдарламаны іске асыру мәнмәтінінде мектептің түсіндіру жұмыстары процесінде оның негізгі қағидаларын енгізу және қалай іске асырылуы тиіс деген мәселе маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда балаларға тек мектеп қана емес, ғаламдық интернет желісі, әлеуметтік желілер және т.б. факторлар әсер ететінін ескере отырып, мұғалім оқушының координаттар жүйесінде үстем жағдайға ие болмайтынын түсінуіміз керек. Алайда бұл факт мектепті тәрбие беру функцияларын орындаудан босатпайды, оны балалардағы рухани қасиеттерді дамытуға бағытталған іс-шаралар деп түсіну керек. Бүгінгі таңда педагогикада «тәрбие» терминінің бірыңғай анықтамасы жоқ. Айырмашылық тек тұжырымдамаларда ғана емес, тәсілдерде де бар. Осылайша тәрбие беруді оқыту, қамқорлық және қорғау процесі ретінде, ересек өмірге дайындалудың негізі ретінде қарастыруға болады. Бұл анықтама отбасының басты рөлін білдіреді. Егер тәрбие – бұл балаларда белгілі бір көзқарастар, сенімдер мен қасиеттер жүйесін қалыптастыруға арналған мақсатты іс-әрекет болса, онда тұлғалық дамуға баса назар аударылады және олар мектеп институттарына, тіпті жеке адамдарға ауысады. Егер білім беру жеке тұлғаны дамытудың шарты болса, онда агенттердің ешқайсысы осы процестің нәтижелері үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алмайды.

Баланың интеллектуалды және әлеуметтік қалыптасуында мектептің үлкен рөл атқаратыны күмәнсіз. Дәл осы жерде танымдық дағдылар, эстетикалық қалаулар мен азаматтық құзыреттер қалыптасады. Мектептің тәрбие беру қызметінен күтілетін нәтиже қоғамның адамгершілігі жоғары

мүшесі болуы тиіс. Мәселен, оқу процесінің негізінде не болу керек немесе қандай құндылықтар іргелі болады деген сұрақ туындайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының өз мағынасы бойынша алдыңғы буын қалыптасқан және қазіргі оқушылардың ұмтылыстарымен үндес болатын идеялық негіз болуға алғышарттары бар. Оның мазмұндық бөлігі қазақстандықтардың негізгі ұстанымдарын қалыптастыра отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлық үлгісін айқындауы тиіс. Бұл ретте бағдарлама айқын саяси сипатқа ие емес. Ол жеке тұлғаны да, мемлекет пен ұлтты да дамытуға бағытталған. Мұнда біз жеке тұлға-азамат-қоғам-мемлекет мықты байланысын байқаймыз. Осы тізбектегі біріншілердің мақсаттары мен сұрауларының сипаттамаларына мемлекеттің күші тәуелді. Мұндай қойылым өте тартымды. Саяси құмарлық пен мұраттарына қарамастан, тұлға өзін үйлесімді өмір сүруге әкелуі тиіс сапалы дамуға ұмтылады.

Мектеп кезеңі әлемнің бейнесін жасау және ондағы орны мен рөлін анықтау үшін оңтайлы. Мектеп өзінің негізгі қызметінде құндылық бағдарларын анықтауға жағдай жасайды. Құндылық бағдарларын зерттеу маңызды, себебі олар адамның мінез-құлқын басқару механизмі болып табылады. Адам өз ортасында немесе мектеп сияқты институттарда қалыптасқан әлеуметтік құндылықтар кешеніне сәйкес шешім қабылдайды және әрекет етеді.

Әлеуметтік-саяси өзгерістер балалардың мінез-құлық негіздеріне жаңа үрдістер әкелді. Бүгінгі таңда ХХ ғасырдың 80-жылдарындағы балалармен салыстырғанда қазіргі жасөспірімдердің басым құндылықтарының қатары жеке жетістіктен басталып, қоғамдық жетістікпен аяқталады. Балалардағы құндылық көзқарастырының басымдығы отбасының да, мектептің де әсерінен қалыптасады. Мектеп осы мәселеде жетекші орын алуы тиіс. Баланың тұлға ретінде қалыптасуы жасөспірім кезеңінде болатыны анық, сәйкесінше өмірлік тәжірибе, рефлексия мен дамыған мінез-құлық стилінің болуына ықпал ететін құндылық бағдарлары да қалыптасады.

Біз атап өткендей, адам басшылыққа алатын құндылықтар оның мінез-құлқы мен қабылдаған шешімдерінің негізі болып табылады. Сонымен қатар мінез-құлық, эмоционалды және танымдық компоненттер құндылық көзқарастарының қалыптасуына әсер етеді, бұл тексеру процесін, ең алдымен эмпирикалық түрін қиындатады.

Құндылықтар объективті шындық пен жас ұрпақтың ұмтылыстарының қажеттіліктеріне жауап беру керек екендігі айқын.

Мектеп осы мәселеде өзекті үдерістерді, психологиялық ерекшеліктерді және рухани-адамгершілік тәрбие тәжірибесін ескере отырып, белсенді ұстанымға ие болуы керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық құжат бола отырып мектептердегі рухани-тәрбие жұмысының тұжырымдамасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бағдарлама өзінің мазмұн бөлігінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Қазіргі әлемде өмір сүру адамнан «Рухани жаңғырудың» барлық қағидаларына сәйкес болуын талап ететіні анық. Олар жасөспірімнің табиғатына қайшы келмейді, бірақ оның өз-өзін дамытуына ықпал етеді.

Сонымен бірге бағдарлама саяси мінез-құлықтың ұтымды негізделген модельдерін қалыптастыруға жағдай жасайды. Бірақ бағдарламаның негізгі қағидаларын мәжбүрлі форматта енгізу әрекеттері (индоктринация) қабылданбаумен қатар жүреді. Мектеп қабылдаған тәрбие жұмысы мен іс-қимыл стратегиясы психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалар ұстанатын негізгі мағыналардың ішкі мазмұнымен анықталуы керек.

1.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларын студент жастардың мінез-құлық ұстанымдарымен біріктіру

Жоғары оқу орындарының заманауи білім беру бағдарламалары студенттердің рухани даму мәселесін елемей, нақты кәсіби дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. ЖОО тәрбие мәселелерімен айналыспауы тиіс, оның қызметі жоғары кәсіби маманды дайындаумен ғана байланысты деген пікір бар. Алайда тезис сынға төтеп бермейді, өйткені тұлғалық даму процесі өмір бойы жалғасады. ТЖКБ және ЖОО мекемелеріне өмірлік тәжірибесі және қалыптасқан дүниетанымы жоқ кешегі оқушылар түседі. Мектептің әдеттегі атмосферасынан коммуникацияның жаңа форматына енетін бірінші курс студенттері ерекше назар аударуға лайық. Бұл кезеңде жоғары оқу орнының білім беру стандарттарына бейімделу бойынша ғана емес, өмірлік бағдарларды анықтау бойынша да курс өткізу маңызды.

Бірінші курс студенттерінің бейімделуі студенттердің тұлға ретінде қалыптасуындағы және олардың уақыт пен қоғамдық көзқарастарға сай келетін құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін игеруіндегі маңызды кезең болып табылады. Бірақ жоғары оқу орындары мен колледждердің экономиканың нақты секторына және еңбек нарығына тәуелділігінің артуы оқыту траекториясын қалыптастыруда, мұнда студент дүниетанымдық пәндерге баса назар аударудың мағынасы жоқ деп түсінеді. Бұл антитренд енді ғана маңызға ие болып келе жатыр. Студенттің болашақ кәсіпқой маман және жеке тұлға ретінде үйлесімді дамуы студенттік өмірді сауатты ұйымдастыру жағдайында мүмкін болады. Ол үшін студенттік істер департаменттері құрылады, олардың қызметі мәдени бос уақытты ұйымдастыруға немесе оның болашақ мамандығымен байланысты емес, бірақ оның рухани және тұлғалық өсуіне бағытталған студенттік бастамалар мен жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасауға бағытталуы керек.

Қалыптасқан жағдай тәрбие беру процесі мен бірінші курс студенттерін әлеуметтендіру кезеңдері өтетін идеялардың, қағидалардың белгілі бір өрісін қалыптастыруды талап ететіні анық. Бұл бағытта «Рухани жаңғыру» бағдарламасының білім беру жүйесіне арналған таңдамалы курстар мен жобаларды құрастыру үшін негіз болуға әлеуеті бар.

Қазақстандық қоғамдық даму институты оқу бағдарламаларына «Рухани жаңғыру» қағидаларына негізделген студенттерді бейімдеу курсы енгізуді ұсынады. Курстың негізгі тұжырымдамасы студенттерді ересек өмірге дайындау және дүниетанымдық көзқарастарды айқындау болады. Курстың бірегейлігі практикаға бағытталғандығымен және қазіргі уақыттың шынайылығына жақындығымен анықталады. Курс элементтерінің бірі студенттердің жеке дамудың 4 (5) жылдық жоспарын қалыптастыруы, оларға теориялық деңгейден эмпирикалық деңгейге өтуге мүмкіндік береді. Студенттер курс барысында бағдарламаның 6 қағидасына сәйкес дағдыларды дамытады. Ғылыми жобаларды, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, еріктілік қарастырылған. Курстан өту немесе әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысу азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, жеке құзыреттерді дамытуға ықпал ететін болады.

2. «Рухани жаңғыру» мектеп оқушылары мен студенттерге арналған жеке өсу бағдарламасы ретінде

2.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларына негізделген тәрбие жұмысының заманауи әдістері

Қазіргі уақыттағы қиындықтар, өмір салтын өзгерту және пандемия кезеңінің басқа салдары қоғамнан жауапкершіліктің жаңа формалары мен тиімді шешімдерді талап етеді. Осыған байланысты Z ұрпақтарының және постмиллиеналдардың жаңа шындық талаптарына дайындығы мәселесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Әлеуметтік институттар үшін бірінші кезектегі міндет тек дүниетанымдық көзқарастарды ғана емес, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мәнмәтіні аясында тұлғалық дамуға бағытталған қажетті құзыреттерді қалыптастыру болып табылатыны анық.

Бағдарламаны ілгерілету нәтижелерін талдау Z ұрпақтарының және постмиллиеналдардың бағдарламаның идеялары мен қағидаларына бейім екенін және тиісінше саяси, сондай-ақ әлеуметтік жаңғыртудың қуатты ресурсы мен құралына айналуға әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Бұл міндетті іске асыру жаңа тәсілдерді талап етеді. Бүгінгі таңда мектеп оқушысын жоғары моральдық сынып сағатымен қызықтыру қиын. Қазіргі оқушының табиғаты дамудың белсенді және интерактивті формаларын қажет етеді.

Егер әдіс мақсаттарға жетудің жолы ретінде қарастырылса, онда дәстүрлі форматтардың шеңберінен шығу керек. Тәрбие беру процесі императивті түрде өткізілмеуі керек.

Оқушылар арасында бағдарламаны ілгерілету бойынша қойылған міндеттер аясында 2020 жылы Қазақстанның «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институты базасында акселерация бағдарламасынан өткен және мектеп мекемелерінде жүзеге асыруға дайын жобаларды қарастыруды ұсынамыз. Мұндай формат мектеп оқушыларын ұлттық мәдениетті жаңғырту процестеріне жұмсақ күшпен тартуға ғана емес, сондай-ақ тұлғалық өсу үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының түрлі қағидаларына сай келетін «Жылы қолөнер», «Номад», «Көшбасшылық мектебі» үздік жобалар ретінде танылды.

«Жылы қолөнер» жобасы ұмытылуға шақ қалған киіз басу өнерін сақтауға және дамытуға бағытталған. Жобаны іске асыру жас ұрпақ үшін қазақтың материалдық мәдениетінің негіздерін үйірмелер арқылы немесе еңбек сабақтарында ашуға мүмкіндік береді.

«Жылы қолөнер» жобасы «Рухани жаңғыру» – «Ұлттық бірегейлікті сақтау» қағидасын іске асырады. Қазақ мәдениетінің бай дәстүрлері, қазіргі уақыттағы киіз сәні, материалдың қолжетімділігі мен тартымдылығы, дайындаудың салыстырмалы түрде қарапайым технологиясы, бұйымды алу жылдамдығы – мұның бәрі оқушыларды материалдарды көркем өңдеуге үйрету кезінде киізді тиімді пайдалану үшін алғышарттар.

Оқушылар арасындағы жас айырмашылығын ескере отырып, авторлар киізді оқытуды 3 бағдарламаға бөледі, оған келесі тақырыптар кіреді: киіздің пайда болу тарихы; жүнді илеу тәсілдері мен әдістері; киізден жүн шарларын жасау және олардан білезік, моншақ және басқа керек-жарақты жинау; жүннен жасалған акварель техникасында картиналар жасау; киізден гүлдер жасау және т. б.

Бұл жобаны іске асыру патриотизмді және ұлттық көркем мәдениетке деген қызығушылықты дамытуға ықпал етеді.

«Номад» хореографиялық студиясы» жобасы «Рухани жаңғыру» қағидаларына сәйкес келеді және оларды өз қызметі шеңберінде қатысушылардың барлық санаттарына таратады, қоғамдық сананы жаңғыртуға ықпал етеді. Мысалы, прагматизм қағидасын іске асыру денсаулыққа қамқорлық жасау арқылы көрінеді. Ал білімнің салтанат құруы: оқушылар әртүрлі елдер мен халықтардың мәдениеті мен дәстүрлерімен танысады.

Сонымен қатар халық биі қазақ мәдениетін зерттеп қана қоймай, оның шығу тегіне терең бойлап, мәдени кодты ашуға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асырудың әлеуметтік әсері өте жоғары, ол балаларды мәдениет пен дәстүрлерді дамытуға тартуға ықпал етеді, салауатты өмір салтын танымал етеді.

«Көшбасшылық мектебі» жобасы «Жас Ұлан» балалар ұйымының негізінде іске асырылады және көшбасшылар үшін олардың құзыреттілігі мен біліктілігін арттыру бойынша өткізіледі, бұл балаларға көшбасшылық, шешендік және бизнес салаларында кәсіби дағдылар мен білім алуға мүмкіндік береді. Мақсаты – мектеп бірлестіктерінің көшбасшыларын, кейіннен болашақта Қазақстанның элитасын қалыптастыратын жастар қозғалыстарының белсенділерін, зияткер, жан-жақты тұлғаларды даярлау және тәрбиелеу болып табылады.

Жоба жетістігінің маңызды факторлары келесі аспектілер болып табылады:

- практикамен біріктірілген оқыту – мектеп комитеті қызметінің процесін ұйымдастыруда көшбасшылардың мектепте алған дағдыларын қолдануы және дамытуы;
- білім трансфері – алған дағдылар мен білімдерді мектеп ішіндегі көшбасшы командасына беру;
- көшбасшылардың өз білімі мен дағдыларын жетілдіруі – басқаларды оқыту – үйренудің ең тиімді әдісі;
- әдістемелік материалдар мен оқу бағдарламаларын тұрақты дамыту;
- жоба ішінде сарапшылар тобын құру – өз жаттықтырушыларымызды шығару мүмкіндігі.

«Көшбасшылық мектебі» жобасы және жалпы «Жас Ұлан» ұйымының қызметі балалармен жұмыс істеудің инновациялық әдісі болып табылады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуге баса назар аудару – бұл еліміздің тұрақты болашағына қосылған үлес.

Жоғарыда айтылған жобалардан басқа, жұмысты келесі бағыттарда жалғастыру маңызды деп санаймыз:

1. Балаларды еріктілер қозғалысына тарту. Жалпықазақстандық балалар еріктілер қозғалысын құру.

2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолдау мақсатында осы атаудағы символизммен бірыңғай қазақстандық мектеп ұйымын құру.

Ұсынылған жобалар азаматтық құзыреттерді қалыптастырудың негізі болып табылатын тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған. Олардың ерекшелігі – өз Отанының азаматтық-патриоттық маңызды қасиеттерін сіңіру.

2.2. Гуманитарлық цикл сабақтарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаларын қолдану: тарих, әдебиет

Тарих және әдебиет сабақтары мектеп жасындағы балалар арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қағидаларының мағынасын таратудың ең тиімді арнасы болып табылады. Дүниетанымдық көзқарастар мен құндылық бағдарларын қалыптастырудағы гуманитарлық цикл пәндерінің маңыздылығы өте жоғары.

Тарих қоғам мүшелерінің конфессиялық немесе өзге де керек-жарақтарына қарамастан қоғамды топтастыру әлеуетіне ие. Көптеген халықтардың тарихы бостандыққа, маңызды құндылыққа апаратын жол ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда әдебиет студенттерге жақсылық пен жамандық, ар-намыс, махаббат, достық және құрмет сияқты моральдық категориялардың семантикалық жүктемелерін ашуға көмектеседі, нәтижесінде мінез-құлық заңдылықтары қалыптасады.

Ол үшін тарихи кейіпкерлердің мінез-құлық үлгілеріне, оның мотивтеріне, моральдық негіздері мен сенімдеріне назар аудару керек. Бұл тарихты «жандандырады», оның маңыздылығын және қазіргі таңда қолданылуын көрсетеді.

Патриоттық тәрбие нақты тарихи материалға негізделуі керек. Тарихи тәжірибенің құндылығын көрсететін фактілер мен оқиғалардың үлгісін жасау өте маңызды, біз нақты адамдар мен қоғамдардың тәжірибесі мен әрекеттерін айтып тұрмыз.

Мұғалімдердің Н.Ә. Назарбаевтың отандық тарихты зерделеу жөніндегі бағдарламалық құжат болып табылатын «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын білуі өте маңызды. Мұғалімдердің Тұңғыш Президент, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мақаласын білмеуі әр оқушының тарихи сауаттылығына, оның өзін тарихи өткенімен сәйкестендіре алмауына сөзсіз әсер етеді.

Бүгін біз оқушылар мен олардың ата-аналарының адамзаттың көптеген өнертабыстары мен жетістіктері Қазақстан аумағында болғанынан хабарсыз екенін байқаймыз. Тарихты оқытудан күтілетін нәтижелердің бірі келесі тарихи білімдер болуы тиіс:

Біріншіден, атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы Орталық Азияда пайда болды. Бұл оқиғаның маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Мүмкіндігінше Ботай қорығына бару арқылы осы тезисті бекіту өте маңызды.

Екіншіден, металдарды пайдалану және өндіру қола дәуірінен бастап біздің ата-бабаларымыз өндірген тағы бір революциялық серпіліс.

Үшіншіден, дала тұрғындарының мәдени қалауы және олардың әлем бейнесін жасауы жануарлар стилінен көрініс табады. Бұл ерекше эстетика, әлемге деген көзқарас және ондағы адамның орны, философиялық көзқарастар мен оның негізінде қалыптасқан экологиялық дүниетаным. Қазіргі уақыттың айқын тренді. Бекіту мектеп оқушыларының жобалары немесе ғылыми үйірмелері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Төртіншіден, өткеннің басты артефактілерінің бірі «Алтын адам» болып табылады. Қазіргі ұрпақ үшін бұл – сақ өркениетінің ұлылығы мен құдіретінің көрсеткіші.

Бесіншіден, Қазақстан аумағында бірегей Түркі өркениетін қалыптастыру туралы тезис оқушылардың санасы мен жүрегінде танымал болуды талап етеді.

Алтыншыдан, Ұлы Жібек жолы ірі халықаралық сауда артериясына ғана емес, сондай-ақ мәдени өзара іс-қимыл мен өзара байыту үшін платформаға айналды. «Ол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар алмасу мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасуы мен дамуы үшін орнықты тұғырнама болды» [2].

Жетіншіден, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны. «Біз білетін алма бұл – алма ағашының жемістерінің генетикалық сорттары. «Бүгінгі таңда әлемде мәдени қызғалдақтардың 3000-нан астам түрі бар және олардың көпшілігі біздің жергілікті гүлдеріміздің ұрпақтары».

Бұл жағдайда біз тек теориялық бекітуді ғана емес, сонымен бірге практикалық және тарихқа саналы көзқарасты қалыптастырамыз. Мектеп бағдарламасы аясында әр тезис жобаны жүзеге асырумен қатар жүруі мүмкін, мысалы: мектептің тарихи театрлары, алма ағаштарын қорғау, көгалдандыру және т. б.

Тарихты білмеу жақында біз көрген саяси айла-шарғы жасаудың оңай құрбаны болатын ұрпақтардың қалыптасуына әкеледі. Еуроцентристік көзқарастардың үстемдігі алдыңғы дәуірлердің жетістіктерін және гуманитарлық цикл мұғалімдерінің қазіргі кездегі қателіктерден аулақ болу үшін жинақталған тәжірибе ретінде тарихқа құрметпен қарауды тәрбиелеу міндеттерінің бірі болды.

Оқушыларға ұлы тарихқа тиесілілік сезімін және тарихи мұраны сақтауға саналы көзқарасын дарыту маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда оқушы әртүрлі ақпарат көздерінің әсеріне тәуелді: теледидар, интернет, әлеуметтік желілер. Мазмұн бөлігі бақыланбайды. Отбасы мен мектептің міндеттеріне жақсылық пен жамандықты және басқа да моральдық категорияларды оқшаулауға және бөлуге мүмкіндік беретін моральдық өзек қалыптастыру кіреді. Қазақ әдебиеті – толыққанды азамат пен адамды қалыптастырудың қажетті шарты. Сөздің күші сананың оянуында, жас адамның өмірінің негізгі қағидаларын анықтауда. Оқушының өмірлік тәжірибесі жоқ, бірақ әдебиеттерді зерттеу арқылы ол маңызды дағдыларды игеріп, философиялық категорияларды теориялық тұрғыдан түсіне алады.

Әдебиет сұлулық сезімін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау және талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әдебиет пәнінің мұғалімі оқыту барысында мінез-құлқы үлгі боларлық кейіпкерлердің бейнелеріне баса назар аударуы керек.

Көп нәрсе мұғалімнің тәжірибесіне, заманауи және дәстүрлі әдістерді меңгеру деңгейіне байланысты.

1. Репертуарлық бөлігі классикалық қазақ және әлем әдебиетіне негізделуі тиіс мектеп театрларын құру.

2. Оқылған кітаптарды талқылау мақсатында клуб немесе пікірталас алаңын құру: «Reading time».

3. Оқуға міндетті кітаптардың тізімін жасау және оларды әртүрлі плат-формада талқылау.

4. Кітап авторларымен, жазушылармен және ақындармен кездесу.

Тарих және әдебиет сабақтарына «Рухани жаңғыру» тақырыбын енгізу бағдарламаны іске асырудың ажырамас бөлігі болуы тиіс. Мектеп жасындағы балалар категориясы әлемге, жаңа білімге және «Рухани жаңғыру» қағидаларына ашық. Оларды тарату және одан әрі қолдану студенттерге әлеуметтік-саяси ақиқатты түсінуді, әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін алуға мүмкіндік береді және сайып келгенде заңға, адам құқықтарына құрметті, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілікті қалыптастырады. Түрлі тәсілдер мен форматтарды қолдану азаматтықты және «Рухани жаңғыру» рухында ұстанымды қалыптастыру жөніндегі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді.

3. Студент жастардың азаматтық құзыреттілігін қалыптастыру

3.1. ТжКБ мен университеттерде жобалық қызметті ұйымдастыру. Студенттерді қоғамдық маңызы бар қызметке тарту

Студенттерді қоғамдық маңызы бар қызметке тарту ТжКБ мен университеттерде жобалау қызметін ұйымдастыру арқылы, сондай-ақ ТжКБ мен ЖОО-ның I курс студенттері үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидалары бойынша таңдамалы курстың оқу модулі аясында ұсынылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласында қоғамдық сананы жаңғыртудың басты шарттарының бірі өзінің ұлттық-генетикалық кодын сақтау, оның іргелі негізі патриотизм болып табылатынын атап өтті.

Жас қазақстандықтар үшін Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың еңбек және өмірлік жолы шынайы патриоттық көріністің жарқын мысалы болып табылады, ол жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға және жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге көп көңіл бөледі.

Біздің республикамыздағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жастар ортасында азаматтық құзыреттерді қалыптастыру проблемасы ерекше өзектілікке ие болады, өйткені жастардың жекелеген бөлігінің санасында патриотизм үстірт, дерексіз, жеке адамға нақты істер мен іс-әрекеттер үшін ерекше жауапкершілік жүктемейтін сезім ретінде қабылданады. Сонымен қатар елден «мидың жойылуы» сияқты проблемаға көзді жұмуға болмайды. Бүгінде Қазақстаннан кетуді жалғастырып жатқан дайын білікті мамандар, оның ішінде талантты жастар көп екенін білеміз. Мысалы, қолда бар деректер бойынша тек ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ақпараты бойынша 2020 жылдың 8 айында Қазақстаннан 17752 адам

көшіп кеткен. 2020 жылдың 8 айында көші-қонның теріс сальдосы 9 260 адамды құрады [3]. Салыстыру үшін жалпы 2019 жылы 45,2 мың адам елден кетті, ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылдың осы кезеңінде Қазақстаннан кеткендер саны 19,8%-ға артты [4].

Елімізден шет елге ең көп қоныс аударушылардың Ресейге 6,4 мың адамы немесе жалпы санның 86,6%-ы кетті. Германияға 456 адам немесе 6,2%, бұл ретте Өзбекстанға кеткендер саны 115 адамды, ел бойынша жалпы санның 1,6%-ын құрады. ҮЗДІК-5 елдің қатарына АҚШ (106 адам) және Беларусь (51 адам) кірді.

Жалпы Қазақстаннан 15 жастан асқан 4,3 мың маман кетті. Оның ішінде кеткендердің ең көп саны техникалық мамандар: 1,2 мың адам. Экономикалық және педагогикалық мамандықтар бойынша кеткендер саны тиісінше 704 және 353 адамды құрады.

Аталған мамандықтарда көші-қон сальдосының көрсеткіштері ең жағымсыз, мамандардың кетуінің орнын келу ағыны толтырмайды. Сондай-ақ елден жастар көші-қонының ұлғаюы сияқты алаңдатарлық үрдіс байқалады. Эмиграциялық көңіл-күйдің жоғарылауы, әрине, бірқатар жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Мысалы, бұл – сөзсіз экономиканың дамуына, еңбек нарығының тұрақсыздануына және т.б. әсер етуі мүмкін кадрлардың тапшылығы.

«Жастар» F30 жүргізген зерттеу деректері бойынша жастардың базалық құндылықтары 2020 жылы отбасы (85,2%), денсаулық (51,8%) және достық (28,3%) болып қала береді. Бұл ретте жастар құндылықтары иерархиясының құрылымында санамаланған базалық құндылықтар жыл сайынғы зерттеулер нәтижелері бойынша ТОП-3-ке кіреді. «Адамдарға көмектесу» құндылығы жастар арасында да төмен. Дегенмен Түркістан (8,8%), Ақмола облыстары (7,9%) және Алматы қаласы (8,0%) жастары үшін ерекше мәнге ие.

Көптеген ТжКБ мен ҚР ЖОО-да қоғамдық-саяси, патриоттық бағыттағы іс-шараларды өткізу дәстүрге айналды, оларға қатысу мемлекеттік жастар саясатының маңызды қағидаларын іс жүзінде іске асыруға ықпал етеді [5]. Мысалы: ұлттық мәдениеттер фестивальдері; Наурыз мейрамын, халықтар бірлігі күнін тойлау; «Денсаулық фестивалі», «Менің Қазақстаным» патриоттық акциялары; әскери-патриоттық акциялар, Конституцияны, мемлекеттік рәміздерді, Қазақстан тарихын, мемлекеттік тілді білуге арналған конкурстар мен олимпиадалар және т. б.

Азаматтық құзыреттер негізінен «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сабақтарда қалыптасады деген стереотип бар, өйткені тарих пен әдебиет – бұл адамды азамат және патриот ететін ғылымдар. Мысалы, тарихты оқытуда мұғалім тарихи оқиғаларды азаматтық, тарихи сабақтастық

тұрғысынан олардың дүниетанымына немесе идеологиясына қарамастан ата-бабаларын құрметтеуді объективті түсіндіруге бейімделеді.

Студенттердің азаматтық құзыреттерін оларды қоғамдық маңызды қызметке тарту арқылы дамыту төрт кезеңде жүзеге асырылады: диагностикалық, дайындық, іс-әрекеттік-практикалық, рефлексивті-аналитикалық.

Әлеуметтік жетілу түрлеріне және осы қасиеттер көрінетін өзара әрекеттесудің тиісті салаларына байланысты колледж және университет студенттерінің азаматтық құзыреттіліктерінің негізгі кешені келесі топтарға бөлінеді:

1) оқу-танымдық: дербестік, ыждаһаттылық, еңбекқорлық, тырысушылық, білуге құмарлық, қызығушылық, іздемпаздық;

2) кәсіби-еңбек: еңбексүйгіштік, тәртіптілік, шығармашылық белсенділік, бастамашылдық және іскерлілік;

3) отбасылық-тұрмыстық: патернализм, адамзатты сүюшілік, парасаттылық, жанашырлық, жанқиярлық;

4) қоғамдық-саяси: патриотизм, батылдық, батырлық, ұлттық қадір-қасиет, конституциялық билікке, мемлекет пен елге деген қолдаушылық, әлеуметтік-саяси белсенділік, азаматтық сенім, ұжымшылдық, интернационализм, үнемділік.

Колледж және ЖОО студенттерінің қоғамдық маңызды қызметі деп қоғамға пайда әкелуге және олардың әлеуметтік жетілуін қалыптастыруға бағытталған білім беру процесінің субъектілері ретінде олардың ерікті, саналы іс-әрекеттерінің жиынтығы түсініледі.

Педагогикалық процесте студенттердің қоғамдық маңызды қызметі келесі функцияларды орындайды: 1) әлеуметтендіру; 2) дамыту; 3) кумулятивтік; 4) мәдениеттану; 5) өзгерту; 6) үйлестіру; 7) жұмылдыру; 8) құндылықты бағдарлау. Жоғары оқу орны студенттерінің әлеуметтік маңызды қызметі еріктілік, қайтарымсыздық, пайдалылық, әлеуметтік бағыттылық сияқты сипаттамаларға ие [6].

Қоғамдық сананы жаңғырту студенттердің қиын өмірлік жағдайда адамдарға өтеусіз негізде көмектесу, құрамы мен бейіні бойынша әртүрлі топтарда тиімді ынтымақтасу, жаңа және мәдени байланыстар үшін ашық болу қабілетін қалыптастырумен тығыз байланысты. Бұл білім беру мекемелерінде студенттік жастармен әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологияларын қолдануды және еріктілер жастар ұйымдарының дамуын талап етеді [7].

Студенттердің азаматтық құзыреттерін қалыптастыру бойынша қоғамдық қызметті ұйымдастыру нысандары төменде көрсетіледі.

Студенттік өзін-өзі басқару, оның мәні студенттердің көшбасшылық құрылымына енуінде емес, халықтың әртүрлі санаттарымен, мекемелер мен ұйымдардың өкілдерімен өзара әрекеттесу барысында жеке тәжірибе жинауында. Студенттік активпен жұмыс істейтін студенттер қызмет

барысында қарым-қатынас жасау, жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын игереді, талдау жасауды, командада жұмыс істеуді, қосымша күш тартуды үйренеді [8].

Көшбасшылық бағдарламаларды жүзеге асыру. Қоғамдық жұмыс жас тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру үшін оңтайлы жағдай жасайды, бұл жағдайда көшбасшылық әлеуметтік белсенділікті немесе белсенді өмірлік ұстанымды білдіреді [9]. Жұмыс берушілер осыған қызығушылық танытады, өйткені бұл әрдайым қоғамның дамуын қамтамасыз ететін шығармашылық пен сыни ойлаудың, ерекше тәсілдердің, стандартты емес шешімдердің көрсеткіші.

Қазір жастар арасында өте танымал еріктілер қозғалысы. Болашақ көшбасшысы басқару және бағыну, дамыған эмпатияға ие болу, өзгелердің сезімдеріне илтипатпен көңіл аудару дағдыларын сауатты үйлестіруге міндетті. Студент өзінің үлкен бейімділігі бар нәрсені жасай алады. Бұл қозғалыстың негізгі мақсаты – студенттерге орындалатын істің маңыздылығын түсінуге көмектесу, азаматтық жауапкершілік сезімін дамыту, басқаларға көмектесу қажеттілігін тәрбиелеу, рефлексия үшін жағдай жасау.

Елімізде еріктілікті дамыту 7 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуда:

1. «Bilim» – білім беру бағыты;
2. «Qatqor» – қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсету бағыты, қарт адамдарға, арнайы күтім жасайтын мекемелердегі адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек;
3. «Sabaqtastyq» – тәлімгерлік;
4. «Saulyq» – медициналық бағыт;
5. «Taza Alem» – экологиялық бағыт;
6. «Asyl muga» – рухани-мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау бағыты;
7. «Umit» – техногендік апаттарды, төтенше жағдайларды жою жөніндегі бағыт [10].

3.2. ТжКБ және ЖОО-ның I курс студенттері үшін «Рухани жаңғыру» қағидасы бойынша таңдамалы курс

70 жылдан астам уақыт бойы Біріккен Ұлттар Ұйымы жаһандық азаматтық идеясын қалыптастыруда және оның әртүрлі көріністерінде жаһандану шындығына бейімделуінде жетекші рөл атқарды [11]. Бүгінгі таңдағы жаһандық азаматтық дегеніміз – ұлттық, белгілі бір өзін-өзі сәйкестендірумен және аумақпен байланыссыз, оның ішінде үнемі өзгеріп отыратын жаһандық құндылықтармен шектелмейтін азаматтық. Жаһандық азаматтықтың мақсаты – адамның қадір-қасиетін қорғау және әлеуметтік есеп берушілікке және халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізу, онда

толеранттылық, интеграция және әртүрлілікті мойындау жаһандық азаматтықты ұстанушылардың жан-жақтылығын көрсете отырып, сөзбен де, іспен де құрметті орын алады.

2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) ЖОО-ларға бағдарламаның негізгі ережелерін ашатын курстарды оқу процесіне енгізуді ұсынды.

2019 жылдың 9 тамызындағы бағдарламаны өңірлерде іске асыру мәселелері жөніндегі кеңес шеңберінде БҒМ Жоғары оқу орындарының, гуманитарлық бейіндегі ғылыми ұйымдардың арнайы жобаларды іске асыруға белсенді және нәтижелі қатысуын, бағдарламаны ақпараттық-талдамалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Қазіргі уақытта ЖОО студенттеріне таңдамалы негізде (таңдау компоненті) әлеуметтік-саяси білім модулі ұсынылады, оның шеңберінде «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласының ережелерін зерделеу көзделген. Модуль 240 академиялық сағатқа есептелген, бұл 8 кредитке сәйкес келеді.

Модульді талдау көрсеткендей, ол бағдарламаның принциптерін толық қамтымайды және бірқатар кемшіліктерге ие, соның ішінде:

- бағдарламаның негізгі қағидалары бірыңғай түсіндірілмейді. Бұл ретте «Рухани жаңғыру» қағидалары қазақ халқының тарихын, дәстүрлері мен мәдениетін жаңғырту ретінде түсіндіріледі, бұл оның маңыздылығын айтарлықтай тарылтады;

- дәріс тақырыбы қазақстандықтың жаңа қасиеттерін қалыптастыруға, бағдарлама қағидаларына сәйкес мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға бағытталмаған.

Сонымен қатар Платонус жүйесінде ұсынылған 116 ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына талдау жүргізілді. Бұл талдау «Рухани жаңғыру» бойынша пәндер тек 18 ЖОО-ның оқу жоспарларында бар екенін көрсетті. «Рухани жаңғыру» компонентін қамтитын пәндер жалпы білім беру циклінде – 76% және базалық пәндерде – 24% ұсынылған.

ТжКБ ұйымдары мен ЖОО-ларда бағдарлама қағидаларын тиімді ілгерілету мақсатында мынадай шараларды жүзеге асыру ұсынылды.

Оқыту әдістемесі бойынша бағдарламалар мен ұсынымдарды ілгерілету жөніндегі оқу-әдістемелік кешенді дайындау үшін экономика, тарих және мәдениет саласындағы жетекші сарапшылар қатарынан Сарапшылар кеңесін құру көзделген. Академиялық қоғамдастық тұлғалық өсу мен құзыреттерді дамыту бағдарламасы ретінде қаралуы тиіс бағдарламаның мағынасын түсіндіру тәсілдерін қайта қарап даярланады.

ЖОО-ның бірінші курс студенттері үшін олардың менталды ерекшеліктерін ескере отырып, геймификация элементтері бар бағдарлама бойынша курстар әзірленеді.

2021 жылы ҚҚДИ базасында «Кемел болашақ» құрылады, онда еліміздің жоғары оқу орындарының студенттері бағдарлама бойынша курстан өте алады. Мұндай практика академиялық ұтқырлықтың өсуіне және әлеуметтік инженерия мәселелерінде құзыретті профессор-оқытушылар құрамы мен спикерлердің тобын қалыптастыруға ықпал ететін болады. Мұндай орталықты құру жаңа білім беру технологиялары негізінде оқытудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік, экономикалық күйзелістер, пандемия қоғамның рухани жағдайына әсер ететіні сөзсіз. Бір жағынан, олар патриотизм мен азаматтық сияқты ұғымдарды жояды. Екінші жағынан, олардың маңыздылығы мен қажеттілігін күшейтеді. Жеке тұлғаны қалыптастыру процесінде көптеген мұғалімдер адамды азамат және патриот ретінде тәрбиелеуді маңызды деп санағаны белгілі [12].

Қазіргі уақытта студенттердің азаматтық құзыреттерін қалыптастыру қажеттілігі туындады, өйткені құқықтық, азаматтық қоғам құру қоғамның барлық мүшелерінің және ең алдымен қазақстандық жастардың азаматтыққа тәрбиеленуінсіз мүмкін емес. Мәселенің шешімі студенттердің бір бөлігінің әлеуметтік, әсіресе азаматтық және патриоттық бағдарларын жоғалтуымен анықталады. Бұл мәселені зерттеушілер материалдық және рухани құндылықтарды аға буыннан кіші буынға беруде сабақтастықтың жоқтығын атап өтті. Бұл факт аға буынның құндылықтары талапқа ие емес екенінде және қазіргі қоғам үшін жарамсыз болып табылатындығында көрінеді.

Қорытынды

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі уақыт қажеттіліктеріне сай келетін және азаматтық құзыреттерге ие түлекті даярлауды жүзеге асыруы тиіс. Біздің қоғамға тек кәсіби мамандар ғана емес, сонымен қатар «glocal» (жаһандық деңгейде ойлайтын – жергілікті жұмыс істейтін адамдар) патриоттар да қажет. Барлық деңгейдегі білім беру мекемелері азаматтық құзыреттердің қалыптасуына және дүниетанымның кеңеюіне ықпал етеді. Бұл күнделікті, көп жоспарлы және көптеген жылдарға арналған жұмыс.

Оқушылар мен колледждің, жоғары оқу орындарының студенттері арасында кәсіби түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бағдарламаны табысты ілгерілетудің міндетті шарты болып табылады. Білім беру мекемелерінің міндеттері – идеологиялық ұстанымдарды енгізу емес, солардың негізінде қазіргі заманғы қазақстандықтың мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру мақсатында «Рухани жаңғыру» идеялары мен мұраттарын танымал ету. Мінсіз бейнелерге баса назар аудару – педагогикалық іс-әрекеттегі маңызды сәт. Осылайша белгілі бір адамға ғана емес, жалпы қоғамға да

ұсыныстар ретінде қаралатын императивті ойлар қалыптасады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың дүниетанымдық көзқарастары теориялық негіз болып табылады, оның негізінде әлеуметтік жобалар құрылады және Қазақстан болашағының шынайы бейнесі қалыптасады.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statuya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. Семь граней Великой степи// <https://www.akorda.kz/ru/events/statuya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>
3. Подробнее: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2020-10/skolko-kazakhstancev-pokinuli-rodinu-v-2020-godu>
4. Сколько граждан покинули Казахстан в 2020 году? // <https://turantimes.kz/ekonomika/16368-skolko-grazhdan-pokinuli-kazahstan-v-2020-godu.html>
5. Әбдірайымова Г.С., Әбдікєрова Г.О., Дуйсєнова С.М. Жастармен әлеуметтік жұмыс. Оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 б.
6. Bulletin of the South Ural State University. Ser. Education. Educational Sciences. 2016, vol. 8, no. 4, pp. 52–58
7. Методические рекомендации по организации проектной деятельности студентов колледжа / сост. Мухаметзянова Н.Н., – Арск: ГАПОУ «Арский агропромышленный профессиональный колледж», 2018 г. – 26 б. // <http://xn----btb1bbcge2a.xn--p1ai/blog/2019-01-12-1313>
8. См., например, положение о студенческом самоуправлении в КазНУ им. Аль-Фараби// <https://www.kaznu.kz/ru/11511/page/>
9. Програма по Развитию Лидерства КИМЭП. <https://www.kimep.kz/executive-education-center/ru/leadership-development-program/>
9. <https://strategy2050.kz/ru/news/volonterstvo-v-kazakhstane-novy-format-napravleniya-i-perspektivy/>
10. Глобальная гражданственность: новая важная сила // Global Citizenship Commission, “The Universal Declaration of Human Rights in the 21st century: a living document in a changing word”, Report (New York and Cambridge, UK, NYU Global Institute for Advanced Study and Open Book Publishers, 2016 // <http://gias.nyu.edu/2016/04/release-global-citizenship-commission-report/>.
11. Гражданственность личности в условиях изменяющегося мира: от протестной к созидательной активности: сб. научных статей Междунар. науч.-практ. конф., 22-23 октября 2015 г. / редкол.: С.И. Беленцов (отв. ред.) [и др.]; Юго-Зап. гос. ун-т. Курск, 2015. 430 б. // <https://swsu.ru/structura/up/flmk/kip/folder3/Sbornik2015.pdf>
12. Методологические и содержательные аспекты измерения общественного мнения в практике общественно-политического мониторинга [Текст]: автореферат дис. д-р социолог. наук: 22.00.04: защищена 26.06.2009 / Коновалов С.; Евразийский нац. ун-т им. Л.Н. Гумилева. – Астана: ДК, 2009. – 39 б. – Библиогр.: 35-39 бб.

13. Суровов С.Б., Малько А.В., Коновалов И.Н., Логинова Л.В. Отношение российского студенчества к цветным революциям // Социологические исследования, 2019, том 45. №3, 85-97 бб.

14. Выступление Президента Казахстана Н.А. Назарбаева на торжественной церемонии открытия Года молодежи. 23 января 2019 года /<http://akorda.kz>

15. Global Citizenship Commission, “The Universal Declaration of Human Rights in the 21st century: a living document in a changing world”, Report (New York and Cambridge, UK, NYU Global Institute for Advanced Study and Open Book Publishers, 2016). С публикацией можно ознакомиться на веб-сайте: <http://cias.nyu.edu/2016/04/release-global-citizenship-commission-report/>.

16. Методические рекомендации по организации проектной деятельности студентов колледжа / сост. Мухаметзянова Н.Н., – Арск: ГАПОУ «Арский агропромышленный профессиональный колледж», 2018 г. – 26 б.

17. Абдикерова Г.О., Курманжанова К.К. Основы подготовки выпускников к успешной карьере: учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 80 б.

18. Нуркатова Л.Т. Социальное проектирование в подготовке кадров для государственной политики: опыт национальной школы // Материалы междунар.-практ. конф., (21–22 мая 2010 г.). – Алматы, ИД «Жибек жолы», 2010. – 374 б.

19. Бурова Е. Гражданственность как основа казахстанского патриотизма и предпосылка консолидации общества // Мат. междунар. науч. конф.: «Проблемы устойчивого развития Казахстана в условиях глобализации: опыт, состояние и перспективы исследования». – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК. 2007. – 404 б.

Ұсынылатын әдебиет пен сайттардың тізімі

1. kipd.kz – сайт Қазақстанского института общественного развития «Рухани жаңғыру»

2. ruh.kz – сайт о реализации Программы Рухани жаңғыру

3. Saruarlar.kz – сайт акселератора социальных проектов «Өзгерістердің саруарлары».

4. Как создать школьный театр //<https://nsportal.ru/shkola/raznoe/library/2013/12/10/sotsialnyy-proekt-shkolnyy-teatr-kak-odna-iz-form-organizatsii>

5. Как организовать проектную деятельность учащихся// <https://infourok.ru/masterklass-kak-organizovat-proektnuyu-deyatelnost-uchaschihsya-715835.html>

6. Волшебное перо птицы Самрук (книга о сакральной географии Казахстана). под авторством О. Гумировой – Шымкент, 2020.

7. Волшебные приключения Монетки и ее друзей, или веселые уроки финансовой грамотности. под авторством О. Гумировой – Шымкент, 2020. – 236 б.

8. Модернизация общественного сознания: концептуальные и методологические подходы. Нұр-Сұлтан, 2020. – 300 б.



Министерство информации
и общественного развития
Республики Казахстан



КИОР
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Казахстанский
институт
общественного
развития

МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ по проведению разъяснительной и идеологической работы для работников образовательной сферы

Нур-Султан, 2021

*Подготовлено Центром «Рухани жаңғыру»
НАО «Казахстанский институт общественного развития
«Рухани жаңғыру»
по государственному заданию
Министерства информации и общественного развития
Республики Казахстан*

Составители: Султангазы Г., Нуркатова Л.

Методическое пособие по проведению разъяснительной и идеологической работы для работников образовательной сферы // *Под общей редакцией Букановой Ж., Нур-Султан, 2021. – 40 с.*

Методическое пособие предназначено для работников образовательной сферы и актуализирует вопросы духовно-нравственного воспитания школьников и освещает различные методы работы. Целью методического пособия является оказание практической и теоретической помощи в освоении современных подходов при проведении разъяснительной и идеологической работы работникам образовательной сферы.

Методическое пособие предназначено для работников образовательной сферы, а также региональных проектных офисов «Рухани жаңғыру».

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|--|----|
| Введение | 24 |
| 1. Миссия Программы «Рухани жаңғыру» в социализации детей школьного возраста и студенческой молодежи | 25 |
| 1.1. Формирование ценностных ориентиров у детей школьного возраста | 25 |
| 1.2. Интегрирование принципов Программы «Рухани жаңғыру» в поведенческие установки студенческой молодежи | 27 |
| 2. «Рухани жаңғыру» как программа личностного роста для школьников и студентов | 28 |
| 2.1. Современные методы воспитательной работы, основанные на принципах Программы «Рухани жаңғыру» | 28 |
| 2.2. Применение принципов Программы «Рухани жаңғыру» на занятиях гуманитарного цикла: история, литература | 30 |
| 3. Формирование гражданственных компетенций у студенческой молодежи | 33 |
| 3.1. Организация проектной деятельности в ТиПО и университетах. Вовлечение студентов в общественно-значимую деятельность | 33 |
| 3.2. Элективный курс по принципам Программы «Рухани жаңғыру» для студентов I курса ТиПО и вузов | 37 |
| Заключение | 38 |
| Список литературы и источников | 39 |

Введение

